

Е. К. ОРАЛБАЙ

## ҮСТІРТ ПЕН МАҢҒЫСТАУДАҒЫ ЕРТЕ КӨШПЕЛІЛЕРДІҢ КИЕЛІ ОРЫНДАРЫ

Көшпелілер тарихында нақты шешімін тапқан ешбір мәселе жоқ. Салыстырмалы түрде алып қарағанда сақ-скиф мәселелері, сарматтар және массагеттер мәселелеріне қарағанда зерттелуі жағынан озық тұр. Сарматтар термині нақты бір тайпаның немесе тайпалық одақтың атауы ретінде әлі жолға қойылған жоқ.

Көшпелі өмір салты және көптеген мемлекеттер жеріндегі соғыстарға белсене қатысуы себепті тайпаның нақты мекендеген жерін тек жазбаша деректемелердің деректері бойынша дәл анықтау қиын. Сақ-сармат-дах-массагеттер тайпаларының мекені болып, Еуразия даласындағы құрлық аралық қатынастардың нағыз торабында орналасып, тарихи-мәдени байланыстарда зор рөл атқарған Маңғыстау-Үстірттің археологиялық ескерткіштерінің нақты ғылыми тұрғыдан зерттеу, жоғарыда аттары аталған тайпалар әлемін танып білуде маңызы зор. Сондықтан осы мақалада біз бұл аталған аймақтағы ғибадатханалар массагеттер тайпалық одағына тән деген болжам жасап отырмыз.

Осы өңірден ерте темір дәуірінің көрнекті Аралтөбе, Иманқара, Сырлытам, Шағатай сынды жерлеу ескерткіштері<sup>1</sup>, Бәйте I–III<sup>2</sup>, Қызылүйік<sup>3</sup>, Терек, Қарамөңке<sup>4</sup>, Түбежік I<sup>5</sup>, Қайнар<sup>6</sup>, сияқты киелі ғұрыптық мінажат ету орындары, Дікілтас<sup>7</sup>, Түбежік II, Меретсай I–III<sup>8</sup>, т.б. жерлеу-аза тұту кешендері ашылғанымен, әлі де толыққанды ғылыми зерттеуді қажет етеді.

Соңғы жылдары Үстірттің солтүстік шыңдарында

болжам бойынша массагеттік этникалық топқа жататын, негізгі ғұрыптық құрылыстың оңтүстік шетінде қарулы жауынгерлерді, оған қоса әйелдерді сомдаған мүсіндер тізбектері бар жаңа киелі ғибадатханалар ашылған болатын. Бұл ескерткіштер көне көшпенділердің монументтік өнерінің Үстірт-Маңғыстаулық ошағын жекелеп алып қарастыруға мүмкіндік береді. Маңғыстаудың нақ өзінде барлау жұмыстары нәтижесінде Ақпан, Аурентөбе мен Соққы<sup>9</sup>, Қонай<sup>10</sup> сияқты ғибадатханалардың қалдықтары да белгілі болды.

Сармат-массагеттердің киелі ғибадатханаларын зерттеу Арал мен Каспий теңіздері аралығындағы көне көшпенділер дүниетанымының мен діни түсініктерінің біршама қырларын алдымыз-ға жайып салды.

**Бәйте 3 ғибадатханасы** – Маңғыстау облысы, Сай-өтес ауылының солтүстік-шығысында 40 шақырым жерде орналасқан. Үстірттегі осындай ғибадатханалардан 20 ғасырдың аяғында, алғаш зерттелген және өте жоғары деңгейде ақпарат берген. Сондықтан кейінгі зерттелген ғибадатханалар Бәйте типіне бөлінген. Бәйте ғимаратының диаметрі 19 м. Ішкі бөлмелерінің қабырғасы 3 метр биіктікке дейін сақталған. Сыртқы қаптамалы қабырғасының құлап қалған қаланыңдарының мұқият өңделген және бір біріне қиюластырылған тас блоктары оның биік-тігін 5 метрлік немесе одан да жоғары деп анықтауға мүмкіндік береді. Құрылыстың сыртқы формасы екі сатылық құрылымнан тұрған – ци-

<sup>1</sup> Самашев З., Кушербаев К., Аманшаев Е., Астафев А. Сокровища Устюрта и Мангыстау. Алматы, 2007. 151-154, 172-181 с.

<sup>2</sup> Ольховский В.С., Самашев З. Исследования на плато Устюрт // Археологические открытия. 1997. М., 1999. 344 с.

<sup>3</sup> Самашев З., Оңғар А., Қиясбек Ф., Оралбай Е., Жеттисбай Н., Үмітқалиев Ұ. Үстірттегі Қызылүйік ғибадатханасындағы зерттеулердің жалғасы // Вопросы истории и археологии Западного Казахстана Уральск, 2005. Вып. 4. 248-251 бб.

<sup>4</sup> Ольховский В.С. Каменные храмы Устюрта // Наука в России. 1999. № 4. (июль-август). 72 с.

<sup>5</sup> Самашев З., Кушербаев К., Аманшаев Е., Астафев А. Сокровища Устюрта и Мангыстау. Алматы, 2007. 184-186 с.

<sup>6</sup> Оралбай Е., Оңғар А., Қиясбек Ф., Жеттисбай Н. Үстірттегі Қайнар ғұрыптық кешені // Материалы международной научной конференции «Кадырбаевские чтения-2007» г. Ақтобе 2007 г. 152-154 с.

<sup>7</sup> Самашев З., Ольховский В.С. Стелы Дыкылтаса (Западный Казахстан) // Вопросы археологии Западного Казахстана. Самара, 1996. Вып. 1. 219 с.

<sup>8</sup> Астафьев А., Самашев З. Памятники Мангыстауского историко-культурного заповедника // Күмбез. (21) №2. 2004.

<sup>9</sup> Самашев З., Кушербаев К., Аманшаев Е., Астафев А. Сокровища Устюрта и Мангыстау. Алматы, 2007. 182 с.

<sup>10</sup> Ольховский В.С. Монументальная скульптура населения западной части евразийских степей эпохи раннего железа. М., 2005. 136 с.

линдр мен күмбезден және ішкі бөлмелер жоспары бойынша дүниенің төрт бұрышын нұсқаған несториандық айқышты еске салады. Тоғысқан жерінде «айқыш» сәулелері ішіндегі еденге төртбұрышты құрбандық шалатын тастан жасалған шағын от жағатын алтарь қойылған дөңгелек залды құрайды. Ол батыңқы шеттерінің бұрыштары дөңгеленіп келген және ол шеттерінде ойынқы шағын ернеулер бар. Құрбандық шалатын орынның ортасында қиғаш, айқыш ойық салынған.

Құрылыстың сыртқы қабырғасынан кіретін есік табылмады. Орталық залға 2,5 м биіктіктен 14 баспалдағы сақталған тас саты апарады деп түйіндеген кейбір зерттеушілердің пікірлерін дұрыстығы күмәнді. Көсем ортадағы алаңқайға жер асты жолы арқылы келіп, баспалдақпен жоғарыдағы мінбарға шығып, халыққа өзінің жоғары лауазымды жолдауын арнаған. Діни ғибадатханаларда мінбарлармен табыну орталықтарының болуы заңдылық<sup>11</sup>. Ғибадатхананың ішкі-сыртқы қабырғаларында рулық белгілер мен түйе, балық, жылан, адам алақанының суреттері салынған.

**Қызыл Үйік ғибадатханасы** – Ақтөбе облысының Байғанин ауданында орналасқан, массагеттер дәуірінде бой көтерген.

Ескерткіш өзінің сәулеттік кескіні мен мәдени-тарихтық мағынасы бойынша сирек ескерткіштерге жатады. Бұл Қазақстан аумағындағы шеңберлік жобамен салынған ең ірі тас құрылыс, ол б.д. дейінгі I мыңжылдықтың ортасына жа-тады.

Ғибадатханалық кешеннің сыртында меңгірлердің, тастан жасалған құрбандық орындары мен қарулы әскерлердің мүсіндерінің қалдықтары тіркелген, олар негізгі құрылысқа шығыс жағынан доға түрінде жанасып жатыр. Доғаның жалпы ұзындығы шамамен 1000 метр. Бұлардың Орталық Қазақстандағы ерте көшпелілердің «мұртты қорғандар» аталған культтық-рәсімдік құрылыстарымен сабақтастығы болуы мүмкін<sup>12</sup>.

Оның көлемі тастар мен тас үйінділердің орналасуына қарасақ, шамамен 10 га. құраған. Басты объект жоспарындағы биіктігі шамамен алғанда 5 м, диаметрі 50 метрді құрайтын дөңгелек, тас құрылыс түрінде болып келеді.

Бұл ескерткіштің аса бір құнды ерекшелігі – оның жоғарғы бөлігінің күмбезденіп келетінді-гінде.

Ғимараттың жоғарғы жағын зерттегенде оның күмбезінің біртіндеп құлағанын ойықтың ішіндегі бір-біріне қатарласып жатқан құрылыс тастарынан байқалды. Ғимараттың оңтүстігінде ішіне кіретін арнайы қаланған саты тастар болып, жоғарыдан құлаған күмбез тастарынан бұзылған болуы керек. Жалпы алғанда, ғибадатхана өзінің пошымы жағынан қазақтың, онан әрі көне түркі-лердің дәстүрлі баспанасы – киіз үйге ұқсауы осындай құрылыстардың, әсіресе, олардың күмбезделіп келуі сонау ежелгі сармат-массагеттер дәуірінде, яғни, б. з. д. V–I ғасырларда қалыптасуы мүмкін деген болжам туғызады.

Маңайындағы аймақты тазалау кезінде тастан жасалған құрбандық шалу орындарынан ті-келей жақын жерлерде сарматтық жебелердің ұштықтарының үйінділері, сиқырлы аң немесе айдаһардың суреті бар екі, балық пен бұғы бейнеленген күміс жапсырмалар табылған болатын.

**Терең ғибадатханасы** – Маңғыстау ауданының территориясындағы Үстірт бекетінен оңтүстік-шығысқа қарай 29 км жерде, Терең құдықтарынан 1,5 км жердегі шөгінділер шыңында орналасқан. Ол микроаудандағы басқа да осы тектес ескерткіштер сияқты негізгі құрылыстан және оған жанастырылған тас қаланымдары мен кезінде тігінен тік тұрған фрагментті антропоморфты мүсіндерден құралған. Ғибадатхананың негізгі құрылысының түрі шоғырлы шеңбер-қабырғалар ретінде жасалған. Біздің алдын ала болжауымыз бойынша, б.з.д. III–II ғғ. бой көтерген бұл ғимараттардың іші қоса жерленген инвентарьлар (темір семсер, жебе кірістері, ыдыстар, алтын әшекейлер) және құдайы тамақтың қалдықтары – жылқы сүйектерінен тұрады.

**Қарамөңке ғибадатханасы** – Маңғыстау облысы, Маңғыстау ауданына қарасты, Үстірт бекетінен оңтүстік батысқа қарай 10 шақырым жерде, орналасқан. 1992–1993 жылдары Батыс Қазақстан археологиялық экспедициясы құрамында В. С. Ольховский зерттеген. Ғибадатханада негізгі ғұрыптық құрылыстың екі-үш қатарлары сақталған және көптеген құрбандық шалу орындары мен 60 шақты тас мүсіндердің сынықтары табылған. Басқада Бөйте типтес ескерткіштер тәрізді бұл ғибадатхананың маңы да тұрмыс, шаруашылық қалдықтарынан таза

<sup>11</sup> Шәйкел Ж. Ғұрыптық құрылыстар және ғибадатханалар мен ғимараттар // Мәдениет. №3 (12). 2005. 6 б.

<sup>12</sup> Бейсенов А.З. Культурно-ритуальные сооружения древних кочевников Центрального Казахстана // Изв. АН РК. Сер. обществ. 1996. №2 (207).

болды.

**Қайнар ғұрыптық кешені** – 2006 жылғы маусымда Үстірт даласынан қазылып зерттелген, Қайнар ғұрыптық кешені Қызылүйік ғибадат-ханасынан батысқа қарай 12 шақырым жерде орналасқан. Қайнар ғұрыптық кешені, солтүстік-оңтүстік бағытта созыла орналасқан бес ғұрыптық қоршаулардан тұрады. Қазылған №1 қор-шаудың дәл орта тұсынан пошымы дөңгелек болып келген, екі қатар тастар қаландысы анық бай-қалды. Қазба барысында құрылыс қабырғасы тастарының барлығының сыртқа қараған беттері өңделіп, 0,02 м, сәл дөңестеу етіліп арнайы дайындалған және тастардың барлығының жіктері бастырылып, арасы балшықпен бекітіліп, қаланған. Қаланған тастардың арасын лаймен бекіту бұл өңірдегі сәулеттік нысандарға таңсық емес. Қабырғаның сыртқы және ішкі қаландыларының тастарының көлемдері шамалас және араларындағы бос кеңістікті топырақпен толтырып, беткі қабатына көлемдері кішірек, жалпақ тастарды қию-ластыра отырып жапқан. Құрылыстың сыртынан, сулығының пошымы үзеңгі тәрізді қола ауыздық табылды. Қима алынғаннан кейін құрылыс ортасындағы бос кеңістіктен, қаландының төменгі тастарының деңгейінен шашырап жатқан мал сүйектерінің, киік мүйізінің, адамның бас және астыңғы жақ сүйегінің сынықтары мен сау-сақ сүйектері табылды. Сондай-ақ қазба барысында ұршықтың басы, қоладан жасалған үш қырлы, ұңғылы жебенің ұшы, лазуриттен және ізбес тәрізді ұнтақтан жасалған екі моншақ және адамның саусақ сүйегінің қалдықтары табылды. Табылған заттар ішіндегі адам сүйектерінің қалдықтары кейінгі замандарда қойылған болуы мүмкін. Ашаршылық пен соғыс жағдайларында өлген адамды жерлеп қою мүмкін болмағанда, қарауыл белгі, үйілген, қоршалған тастардың маңына, күйлері келгенше беттерін топырақпен жауып, қалдырулары мүмкін. Бұл ауыздық пен жебенің аналогияларының хронологиялық шеңбері б. з. б. VIII–VII ғғ. барады.

Тек соңғы жылдардағы жоғарыдағы археологиялық нысандарға жүргізілген зерттеулер бұл тайпалық одақтың басқа халықтармен қарым-қатынастарын, алатын орнын, мәдениеттердің араласуындағы Маңғыстау-Үстірттік ерекше-ліктерді бөліп көрсетуге қазіргі күннің өзінде бір қадам жақындатты.

Үстірт, Маңғыстау даласы сарматтардың тас-тан ғимараттар салу, тас қашау, тас өңдеу өнерінің

орталықтарының бірі болып, қазіргі таңдағы Маңғыстаулық архитектуралық өнердің алғашқы негізі екенін айтамыз. Оған табиғи факторлар себепші болды.

Олар:

1. аймақта жергілікті материал «ұлу тастарға» өте бай кен орындарының көп болуы.

2. осы ұлутастардың қопарып алуға, бір жерден екінші жерге тасып апаруға ыңғайлы әрі жеңіл болуы.

3. бұл материалдардың өңдеуге, кесуге өте жұмсақ болуы.

4. құрлық аралық байланыстардың ортасында орналасқаны.

Басқа да көшпелі халықтар тәрізді Каспий мен Арал теңіздерінің аралықтарындағы Үстірт даласында осындай кереметтей ескерткіштер қалдырған тайпалардың өмірлері, шаруашылықтары малмен тікелей байланысты болды. Сондықтан көшпелі өмір салтына үлкен сарайлар мен көп бөлмелі баспаналардың ыңғайсыздығынан олар мұндай құрылыстарды тұрғызуға аса ынталы болмаған. Егерде қажет болған жағдайда олар міндет-ті түрде тұрғыза алатын еді. Оған жоғарыдағы мінбарға ішінен сыртқа қарай арнайы баспалдақпен шыққан Бәйте III пен қабырғасының қалыңдығы жеті метр, қазіргі сақталған биіктігі бес метрден астам Қызыл үйік ғибадатханаларының күрделі құрылыс орындарын, қиюластырып қалаулары дәлел. Шаруашылық пен тұрмыстан бабалар аруағы мен дәстүрді ерекше жоғары қойғандықтан осындай киелі ғибадатханалар құрылыстарын көтерген. Бұл құрылыстар бір-бірімен ондай тығыз орналаспаған көшпелілер үшін бастарын қосып жиналатын, жарылқаушыдан жақсы тілектер тілейтін аса киелі орындар болған. Бұл жерде көсем екі жақты, тік және көлденең байланыстарды қатар ұстайды деген сенім болған, сондықтан ол тілектерін жарылқаушыға жеткізеді. Оған осындай алып құрылыстардың ішіндегі тазалық алаңқайының күмбезделіп барып, ұшында бір нүкте болып бітетіндігінен көруге болады.

Осы зерттеулерден Каспий мен Арал теңіздері аралықтарының ерте темір дәуіріндегі ғибадатханаларын жергілікті және жалпы халықтық деп қарастыруға болады. Жергілікті ғибадатханалар қатарына Терен, Қарамөңке, Түбежік, Қайнарды жатқызуға болады. Жергілікті болғандықтан бұлар саны жағынан да өте мол. Ал Бәйте мен Қызылүйік сынды киелі орындар соғыс және табиғат апаттары жағ-

дайларда мемлекеттің біртұтастығы үшін аймақтың идеологиялық орталығы ретінде үлкен рөл атқарған<sup>13</sup> және аксүйектік ғибадатханалар болуы да мүмкін.

Бәйте сармат этномәдени топтарының Үстірттің оңтүстігін мекендеген үлкен бір тобының, яғни массагеттердің діни-идеологиялық орталығы болса, ал Қызылүйік ғибадатханасы, өзінің құрылымы жағынан күрделі, көлемі жағынан Бәй-теден анағұрлым үлкен, аталмыш этникалық-саяси конфедерацияның солтүстік қанатының осындай киелі орны болғандығын болжауға болады. Мұнда массагеттер Күн мен От құдайларына арналған табыну ырымдарын жасаған.

Сондықтан біз бұл аймақты ерте кезеңдерден-ақ ірі архитектуралық өнердің үлкен бір ошағы болған және осы өңірде дүниеге келіп, өте тез дамығанын нық айта аламыз. Ақтау, Токсанбай<sup>14</sup> сынды ерте қола дәуірінің ескерткіштері-не жүргізілген кейінгі зерттеулер осыны көрсетті.

Бұл ескерткіштерде тиянақты зерттеу жүргізу, ежелгі жазба деректердегі дах-массагеттердің нақты территорияларын анықтап, даму тарихын, дүниеге көзқарастарын, шаруашылығы мен мәдениетін тереңірек тануға, сақ-скиф әлемімен нақты байланысын, сонымен қатар өзіндік жергі-лікті ерекшеліктерін ашып көрсетеді. Оған қоса Маңғыстау-Үстірттің архитектуралық өнердің тамырының тереңде жатқандығын байқаймыз. Бұл жерде осы архитектуралық өнердің кейінгі ортағасырлық кезеңдерде де, тіпті қазіргі заманда да өзінің тамырластығын жоймай, басқа өңірлерде емес, осы Ақтау мен Атырау, Үстірт далаларына ғана тән өзіндік, ерекше сипатпен дамып келе жатқанын да ескергеніміз жөн. Өңірдегі ортағасырлық таңғаларлық архитектуралық ескерткіштердің бастауы жергілікті жерден екендігін мамандар да қостайды.<sup>15</sup> Оған қоса бұл бірегей, дөңгелек пішінді, қалың қабырғалы, күрделі архитектуралық ескерткіштерді қазақ жеріндегі Бәбіш мола, кейінгі ғасырлардағы

Домбауыл, Қозы Көрпеш ескерткіштерінің алғашқы нұсқалары деп айта аламыз және бұл құрылыстар Сарыарқаға батыстан жылжуы мүмкін. Кейбір зерттеушілер көне түрік дәуірінің тас мүсіндерінің морфологиялық тұрғыдан Маңғыстау мен Үстірттің ерте темір дәуіріндегі тас мүсіндеріне ұқсастықтары мол екенін<sup>16</sup> айтқан және ол пікірді қуаттайтындар бар.<sup>17</sup>

Үстірт даласындағы осындай ескерткіштерді кешенді зерттеу ісі басталғаннан бері көп жағдайда қазбаға дейін қорғаннан, ғибадатханаларды тас мүсіндер мен сынтастардың, құрбандық тастарының көптеп және белгілі бір ретпен қойылуы анық ажыратуға мүмкіндік береді. Қазба жұмысы жүріп өткеннен кейінгі ғибадатханалардың нақты бейнесін негізінен, іргелі, еңселі, биік мұнаралы, бірнеше текшелі, әлденеше бөлмелі, сәнді де күрделі ғимарат болып келеді деп сипаттауға болады. Бұл жағынан ерте кезеңдердегі сәулеттік ескерткіштерді зерттеп жүрген зерттеушілер мен сәулетшілердің пікірлері де алыс кетпейді, құрылыстардағы бірдей сәулеттік әдіс-тәсілдер, бұл тас құрылымдарды бір уақытта және бір саяси кезеңде өмір сүрген халықтар тұрғызған деген пікірді қуаттайды.<sup>18</sup>

Мұндай үлкен ғұрыптық және сәулеттік нысандар сарматтардың өмір сүрген басқа өңірлерінен кездеспейді, тек бұлардың маңайына қойылған тас мүсіндердің Солтүстік Қаратөз өңірі мен Солтүстік Кавказ кейбір ұқсастықтары ғана бар.

Исламға дейінгі кезеңдердегі Орта Азиядағы ғибадатханалардың архитектуралық ерекшелігімен салыстыра қарайтын болсақ, Хорезм мектебімен ерте кезеңіндегі құрылыс жоспарының дөңгелек келуімен және үйлердің қабырғасына тайпаның таңбасын салуымен ұқсастықтары бар<sup>19</sup>. Орта Азиядағы исламға дейінгі отырықшы мәдениеттің культтық құрылыстарымен ұқсастықтары жоқтың қасы<sup>20</sup>. Ғибадатханалар маңынан кездесетін тас мүсіндерде негізінен бес қаруын асынған жауынгерлер бейнеленеді. Қобыз асынған абыздар, ыдыс, құс,

<sup>13</sup> Самашев З., Жетібаев Ж., Оралбай Е.Қ. Қызыл үйік – үстірттегі ежелгі сарматтар ғибадатханасы // Мәдени мұралардың танымдық негіздері. Ақтау, 2004. 31-33-бб.

<sup>14</sup> Самашев З.С., Ермолаева А.С., Лошакова Т.Н. Мемлекеттік «Мәдени мұра» бағдарламасы бойынша 2004 жылы археологиялық зерттеулер жайлы есеп. Алматы, 2005. 114-118-бб.

<sup>15</sup> Аджиғалиев С.Е. Генезис мемориально-культуовой архитектуры кочевников Арало-Каспий II тыс. н. э.: Автореф. дис. ... докт. ист. н. Алматы, 1997. 30 с.

<sup>16</sup> Елеукенова Г.Ш. Очерк истории средневековой скульптуры Казахстана. Алматы, 1999. 55 с.

<sup>17</sup> Ольховский В.С. Монументальная скульптура населения западной части евразийских степей эпохи раннего железа. М., 2005. 136 с.

<sup>18</sup> Шәйкен Ж. Ғұрыптық құрылыстар және ғибадатханалар мен ғимараттар // Мәдениет. 2005. №3 (12). 7 б.

шаруашылық құралдарын бейнелеу мүлде кездеспейді. Күнделікті тұрмыс-салттан жауынгерлікті, батырлықты жоғары бағалағандықтарын осы уақытқа дейін, Каспий мен Арал теңізі аралықтарындағы ерте темір дәуірі ескерткіштеріне жүргізілген зерттеулерден жақсы байқалды.

Тас мүсіндердің бет- пішінді бейнелеу, қырын шығаруы жағынан кәдімгі мүсіндерге өте жақын болуы ол кезең шеберлерінің скульптуралық өнерді жақсы меңгергенін көрсетеді.

Қазіргі таңға дейін зерттелініп отырған киелі, салт-жоралық осындай ғибадатханалардан 130-дан артық тас мүсіндер табылған. Олардың биіктіктері 1,2–3,5 метр аралықтарында.

Қызылүйік ғибадатханасындағы тас мүсіндерде кей жағдайда әйел затының бейнеленуі ол қоғамдағы әйелдер рөлінің жоғары болғандығын көрсетеді. Ат құлағында ойнап, соғыс жағдайында ер адамдармен бірдей ұрыс қимылдарына араласып, жасындай жарқылаған көшпелілердің әйелдері, амазонкалар туралы аңыз әңгімелер де өте көп. Бұл киелі ғибадатханаларды жасаған сол кезең тұрғындары массагеттердің тайпалық одағының аты аңызға айналған Тұмар ханымның есімімен тығыз байланысты болуы да мүмкін. Көне грек тарихшысы Геродот былай деп хабарлайтын: «Массагеттер бидай екпейді, алайда мал өсіру мен балық аулаумен өмір сүреді, сондай-ақ сүт ішеді ... Массагеттер скифтердің киімдеріне ұқсас киім киеді және соларға ұқсас өмір салтын ұстанады. Олар атпен де, жаяу да шайқасады. Олардың ... садақтары, найзалары мен әскери айбалталары бар... Олар пір тұтатын жалғыз құдай, ол – күн. Күнге арнап олар аттарды құрбандыққа шалады, бұл тұрғыда олар бұл құрбандыққа шалудың мәні ең жүйрік құдайға дүниедегі ең жүйрік жануарды шалу керек деген пікірді ұстанады» және Страбон жазбасынан: олар тек күнді құдай тұтады, оған арнап жылқыларды құрбандыққа шалады<sup>19</sup>. Бұл ғибадатханалардың дөңгелек пішінде болып келуі күннің культімен байланысты екені белгілі, сондықтан массагеттік тайпалық бірлестік туралы жазба деректердің археологиялық қазбалармен сәйкес келуі, сені-мімізді күшейте түседі.

Бұл ғибадатханаларды массагеттерге тән деп болжауымыздың тағы бір себебі оларға Кир II ша-

буыл жасамақшы болғандағы бейбіт келісімге келу туралы ұсыныстарын жатқызуға болады<sup>22</sup>. Бұл уақытта көшпелі өмір салтын ұстанатын елде бірлікті жақсы сақтауға осындай ғибадатханалар арқылы ғана қол жеткізу мүмкін. Оның үстіне көп жылдық зерттеулер тәжірибесі мұндай алып сәулет құрылыстарын олар тек қоғамдағы экономикалық және саяси тұрақтылық кезеңінде ғана тұрғыза алатынын көрсетті. Сондай-ақ бұл идеологияның осы ғибадатханалар арқылы биік деңгейге көтеріліп, қанша тарихи үрдістерді бастан кешіргенімен сабақтастығын жоймай, ислам дініндегі сопылық бағытта да элементтерінің қалуы осыған дәлел.

Массагеттердің Кир II патша бастаған парсылардың қалың қолың күйрете жеңгені ерте дүниедегі үлкен саяси оқиға болды. Жеңілмейтін Кирдің әскерін жеңген, басын қанға бөктірген кім болды екен деген қызығушылық әрине болды. Бұл соғыстан кейінгі жазбаларды деректанушылық тұрғыдан қайта қарау керек.

Рас, сарматтар деген атаудың жалпылама аталып келгені бар. Дегенмен ол батыстық көзқағастың немесе белгілі бір топтың ықпалымен келгені бүгінгі таңда байқалып қалып жүр. Осы тұрғыдан келгенде скифтерден, сақтарды тұрмыс-тіршілігі, салт-санасы ұқсас болғанмен көшпелі екі жұрт екенін ажыратып қарайтын күнге жеткенде, сармат-массагет-дах-дай-алан мәселелерін қайта қарау уақыт талабы. Ол үшін көне деректердегі осы тайпаларға қатысты дүниелерді тағы бір, көшпелілер мүддесі тарапынан саралау қажет. Көне деректерді еуропа, иран, орыс, тәжік т.б. тілдерге аударған зерттеушілердің қанша жерден объективті түрде аударуға тырысқанымен, өз мүдделерінің болғаны да рас. Оның үстіне ол аудармалар, екі – үш тілдерге аударылып, кейін бізге жетіп отырғандықтан, бастапқы нұсқасына қарағанда айырмашылық болуы әбден мүмкін. Ол дұрыста, өйткені осы әртүрлі мүдделерді қорғайтын пікірлер тоғысынан барып, алтын ортаның табылуы шындыққа бір табан жақындайды. Олай болмаған жағдайда, массагет-дах-дай-алан мәселелері бір жақты болып қала бермек.

Осы көне деректерді қалдырған грек, парсы жылнамашыларының да көшпелі тайпаларды еріксіз мойындаған ерлік істері мен байлықтары жөніндегі

<sup>19</sup> Пугаченкова Г.А. Архитектура среднеазиатской античности // ВДИ. №4. М.; Л., 1951. 189 с.

<sup>20</sup> Воронина В.Л. Доисламские культовые сооружения Средней Азии // СА. М., 1960. №2 44 с.

<sup>21</sup> Пьянков И.В. Массагеты Геродота // ВДИ. №2. М., 1975. 49 с.

<sup>22</sup> Пьянков И.В. К вопросу о маршруте похода Кира II на массагетов // ВДИ. №3. М., 1964. 116 с.

деректері болмаса, жалпы жақсылықтарын асыруға тырыспағандықтары анық. Көбінесе, тіпті жау ретінде қарағандықтары байқалады.

Сол деректерде сақ-массагет тайпаларының қатар айтылатыны белгілі. Салыстырып қарасақ сармат атауына қарағанда массагеттердің көп айтылатыны шындық. Зерттеуші И. В. Пьянков өз еңбегінде массагеттердің Мегасфеннің айтуындағы «ассақтар» екенін және олардың астанасы «массаги» қаласы мен жетекшілері «Ассагет» туралы айта келіп, массагет атауы осылардың жиынтық атауы деген ой айтады.<sup>23</sup> Осы бір жауынгер массагет тайпалары туралы түсінігіміздің осы уақытқа дейін көмескіленіп келуіне археологиялық ескерткіштердің ғылыми тұрғыдан аз зерттелуі де себеп болып отыр.

Қорыта келе Үстірт даласы массагеттердің мәдени, рухани орталықтарының бірі болғандығын көреміз. Үстірт даласындағы осындай көрнекті ескерткіштерді тыңғылықты зерттеу біздерге үлкен ғылыми нәтиже береріне, ерте көшпелілердің әлемдік өркениетке қосқан үлестерін ашып көрсетуге, тұрмыс-тіршіліктерін, наным-сенімдері мен дүниетанымдарын анықтауға мүмкіндік береді. Сондықтан, осындай сарматтық-массагеттік ескерткіштерді зерттеу қазіргі кезеңдегі археология ғылымы үшін өте маңызды.

### Резюме

Рассматриваются функции и особенности святилищ раннего железного века Устюрта и Мангистауских степей, а также по предположению автора такие памятники свойственны массагетам.

### Summary

In given article the main functions and features of sanctuaries of the Early Iron Age centuries of Ustyurt and Mangistau steppes are revised. By the author assumption this monuments are peculiar to Massaghetae tribes.

<sup>23</sup> Пьянков И.В. Массагеты, соседи Индейцев // Средняя Азия в древности и средневековье. М., 1977. 56 с.